



Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B011200	«Химия»	1. Педагогика 2. Химияны оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Химиялық экология

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Химияны оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Химиялық экология

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Педагогиканың негізгі категориялары:

- A) Білім беру
- B) Белсендіру
- C) Жетілдіру
- D) Қалыптастыру
- E) Оңтайландыру

2. Тұлға дамуының негізгі бағыттары:

- A) әлеуметтік
- B) дене
- C) қызығушылық
- D) білімдік
- E) психикалық

3. Педагогика саласында балалардың жас және дара ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар:

- A) Ж.Ж. Руссо, Дистервег А
- B) Л.Н. Толстой, В.А. Славенкин
- C) В.А. Славенкин, Н.В. Кузьмина
- D) Н.Д. Хмель, К.Д. Ушинский
- E) А. Дистервег, В.А. Славенкин
- F) Л.Н. Толстой, Н.Д. Хмель

4. Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік істердің бағыттары:

- A) Экологиялық тәрбие
- B) Адамгершілік тәрбиесі
- C) Экономикалық тәрбие
- D) Қоғамдық тәрбие
- E) Еңбек тәрбиесі
- F) Азаматтық тәрбие

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) эстетикалық білімдер беру
- B) мемлекетке деген құрмет сезімін қалыптастыру
- C) ой қабілеттерін дамыту
- D) эстетикалық талғамды және сезімді дамыту
- E) ағзаны шынықтыру

6. Жоғары мектеп аты:

- A) орта кәсіптік
- B) академия
- C) жалпы орта
- D) жоғары
- E) негізгі орта

7. Ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі:

- A) ғылыми-білімдер жүйесі
- B) мифологиялық білімдер
- C) дағдылар
- D) сенімдер
- E) практикалық іскерліктер
- F) тұрмыстық көзқарастар
- G) діни білімдер

8. Адамгершілік тәрбие міндеті:

- A) санитарлық-гигиеналық іскерліктер қалыптастыру
- B) моральдік ережелерді меңгерту
- C) ой қабілеттерін дамыту
- D) құқықтық жауапкершілік қалыптастыру
- E) эстетикалық талғам қалыптастыру
- F) табиғатқа ізгілік қатынас қалыптастыру

9. Білім мазмұны:

- A) Оқушылардың дүниетанымдық және адамгершілікті-эстетикалық идеялар жүйесін меңгеруі
- B) Оқушылардың ақыл-ой, танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту үдерісі
- C) Оқыту процесі барысында оқушылардың меңгеруге тиісті эстетикалық идеялар жүйесі
- D) Оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісі
- E) Оқыту құралдарының мазмұны мен сапасы
- F) Оқушылардың оқу процесі барысында меңгеруге тиісті сауаттылық және дағдылар жүйесі

10. Әңгімелесудің түрі:

- A) диагностикалық
- B) эпизодтық (ауық-ауық әңгіме-сұхбаттар)
- C) жеке дара этикалық әңгіме-сұхбаттар
- D) әңгімелесу-экспромт
- E) шығармашылық
- F) мадақтаушы
- G) жазалаушы

11. Перспективалар түрлері (А.С. Макаренко бойынша):
- A) орта
 - B) ұзақ мерзімді
 - C) қысқа мерзімді
 - D) жақын
 - E) альтернативті
 - F) алыс
 - G) таңдамалы
12. Сынып жетекшісі іс-әрекетінің міндеттері:
- A) Тәрбиелік
 - B) Әлеуметтік
 - C) Педагогикалық
 - D) Дамытушылық
 - E) Диагностикалық
13. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негіздерін анықтайды:
- A) «Неке және отбасы туралы» Заңы
 - B) Мемлекеттік тұжырымдамалар
 - C) ҚР Конституциясы
 - D) «Бала құқығы туралы Конвенция»
 - E) Мектеп құжаттары
 - F) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы
 - G) «Білім туралы» Заңы
14. Оқу бағдарламасының мазмұндық құрылысы:
- A) Мазмұны қиындық дәрежесі жағынан алдыңғыдан жеңіл болады
 - B) Оқыту материалының мазмұны қайталанып отырады
 - C) Оқытудың өтілетін материалдары күрделеніп оқытылады
 - D) Оқу материалы қол жетерлік деңгейде болады
 - E) Оқыту материалдары оқушылардың жас ерекшелігіне сай болады
 - F) Бұрынғы материалдардың логикалық жалғасы болып табылады
15. Білім беру стандарты:
- A) Білім беру сапасын анықтайды
 - B) Оқыту деңгейін айқындайды
 - C) Міндетті білім берудің негізгі құжаты
 - D) Оқу жоспарларын қолданады
 - E) Білім беру саласын қамтиды
 - F) Білім беру нормаларын анықтайды
 - G) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды
 - H) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат

16. Оқытуды ұйымдастыру формасы:

- A) Оқу саяхаты (экскурсия)
- B) Ата-аналармен жұмыс
- C) Қоғамдық жұмыс
- D) Жаттығу
- E) Түсіндіру
- F) Сендіру

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Тәжірибе меңгерудің ғылыми мінездемесі
- B) Тың оқу жоспарларының енгізілуі үшін
- C) Білім сапасын арттыру үшін
- D) Философиялық негізін қалыптастыру үшін
- E) Баламалы оқулықтардың қосылуы үшін
- F) Мектептегі оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің мынадай белгісі бар:

- A) Жалпы мақсаттарды жүзеге асыру
- B) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- C) Жалпы іс-әрекеттің жоспары болуы
- D) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- E) Іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелсіздіктің пайда болуы

19. Оқыту үдерісі:

- A) Оқушылардың көзқарасын дамытатын іс-әрекет
- B) Төзімділіктерін дамытады
- C) Білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді
- D) Отаншылдық қасиетін арттырады
- E) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет
- F) Оқушылардың дүниетанымын дамытатын іс-әрекет

20. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъективті қателіктері:

- A) жауаптың жан-жақтылығын ескеру
- B) ынталандыру принципін сақтау
- C) орташа бағалау ұстанымында болу
- D) көңіл-күйге орай баға қоя салу
- E) баланың тәртібіне қойылатын бағаны пән үлгеріміне ауыстыру

21. Ақпараттық технология:

- A) Адам іс-әрекеті арқылы ауызша, жазбаша немесе басқа түрлі тәсілдермен жеткізілетін қажетті мағлұматтар жиынтығы
- B) Ақпаратты өңдеу үдерісінде қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығы
- C) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- D) Кез келген мәліметтер жиынтығы
- E) Ақпаратты өңдеумен байланысты үдерістер

22. Жалпы білім беретін бағдарламалар бағытталады:

- A) Оқушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға
- B) Жеке адамның мәдениетінің қалыптасуына
- C) Жеке адамның болашағын қалыптастыруға
- D) Оқушының кәсіптік таңдауын шешуге
- E) Оқушының оқу үлгерімін қадағалауға
- F) Оқушының оқу-тәрбие үдерісіндегі қиындықтарын шешуге
- G) Жеке адамның әлеуметтік жағдайына

23. Басқаруда басшылыққа алатын ақпараттар:

- A) Жобалаушылық
- B) Прагматикалық
- C) Бағалаушылық
- D) Жекелеген
- E) Шолушылық
- F) Баяндаушылық
- G) Ақпараттық

24. Ұжымның жағымды әлеуметтік психологиялық жағдайын жасайды:

- A) Ашық қарым-қатынас
- B) Сын тұрғысынан қарау
- C) Креативті ойлау
- D) Эмоционалдық қарым-қатынас
- E) Экономикалық қарым-қатынас
- F) Экологиялық қарым-қатынас
- G) Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас

25. Біліктілікті көтеру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін:
- A) Негізгі жұмыс орнында үзіліссіз өткізілетін қысқа мерзімді тақырыптық оқулар
 - B) Қосымша жұмыс орнында үзіліссіз өткізілетін қысқа мерзімді тақырыптық оқулар
 - C) Сала, ұйым, мекеме деңгейінде жүргізілетін тақырыптық проблемалы емес орташа мерзімді семинарлар
 - D) Біліктілікті белгілі уақыт аралығында жоғарлату
 - E) Ұзақ мерзімді тақырыптық оқулар
 - F) Біліктілік жоғарлату мекемесінде қысқа, орта және ұзақ мерзімді оқуы

Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Химияны оқыту әдістемесі

1. Педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан қарастырғанда оқыту:

- A) Оқытудың мақсаттары мен міндеттерін жасөспірімге жеткізу
- B) Оқушының таным әрекетін жетілдіру
- C) Оқыту әдістері мен тәсілдерінің сәйкестігі
- D) Жасөспірім бойына ұжымдық тәрбиені сіңіру
- E) Оқу пәнінің материалын жасөспірімге жеткізу ісінде сабақ беру мен оқудың бірлігі
- F) Оқыту нәтижесіне жетуге бағытталған оқу әрекеттері

2. Химияны оқыту әдістемесі:

- A) Қоршаған орта туралы ілім
- B) Химия ғылымы
- C) Оқу пәні
- D) Химия пәні
- E) Оқыту және тәрбиелеу теориясы

3. Химия саласы бойынша маман кадрларды даярлаудың кезеңдері:

- A) 1932 - 1940 жж
- B) 1950 ж - қазіргі уақытқа дейін
- C) 1928 - 1934 жж
- D) 1930 - 1936 жж
- E) 1936 - 1990 жж

4. 1933-1934 жылдары химияның жүйелі курсының бағдарламасын және соған сай мектептің тұрақты оқулықтарының әдістемесін жазғандар:

- A) Я.Л. Гольдфарб
- B) С.И. Сазонов
- C) К.Я. Парменов
- D) Ю.П. Ходаков
- E) В.И. Спицин
- F) В.Н. Верховский
- G) Л.М. Смаргонский

5. Химияны оқытудың басқа пәндермен байланысын зерттеген әдіскерлер:

- A) Т.В. Смирнова
- B) П.А. Глориозов
- C) Д.П. Ерыгин
- D) П.П. Цветков
- E) Г.И. Шелинский
- F) В.Л. Рысс
- G) Е.Е. Минченков

6. Көрнекті орыс ғалымы М.В. Ломоносовтың еңбектері:

- A) «Нақтылы физикалық химия»
- B) «Математикалық химияның элементтері»
- C) «Химия ауыл шаруашылығы»
- D) «Органикалық химияны толық үйретудің кіріспесі»
- E) «Химияны оқытудың әдістемелік негіздері»
- F) «Химияның негіздері»

7. Химиялық теңдеудің түрі:

- A) Протондық
- B) Электрондық
- C) Иондық
- D) Нейтрондық
- E) Молекулалық
- F) Изотоптық
- G) Реакциялық

8. Танымдық іс-әрекет сипаттамасына жататын химияны оқыту әдістері:

- A) Эвристикалық
- B) Семинар
- C) Сөз -көрнекі-сарамандық
- D) Зерттеу
- E) Сөз-көрнекі
- F) Дәріс
- G) Ауызша

9. Орта мектептегі химия курсының мазмұны анықталатын және оқытылатын негіз:

- A) көрнекілік принципі
- B) ғылымилығы
- C) саналылық пен белсенділік негізі
- D) мазмұнның тұтастығы
- E) тарихи ұстанымы
- F) халықаралық стандартпен үйлесімділігі
- G) ғылыми дәлдігі

10. Оқу материалы мазмұнын көрнекілік ретінде қызықтырып, түсінікті етудегі негізгі бейнелеу құралдары:

- A) Анимация
- B) Конференциялар
- C) Видеофрагмент
- D) Пікір сайыс
- E) Әр түрлі бағдарламалар
- F) Семинар

11. Көрнекілік құралдар:

- A) Аспаптар
- B) Теледидар хабарламалары
- C) Оқулық мазмұны
- D) Қондырғылар
- E) Сызба-нұсқалар

12. Табиғи көрнекіліктер:

- A) құбылыстарды көрсететін аспаптар
- B) сынақ-тәжірибелік реактивтер
- C) қазба байлықтары
- D) сызба-нұсқалар, модельдер
- E) дыбысты кинолар
- F) минералдар

13. Тілдік логикалық құралдар:

- A) Дидактикалық материалдар
- B) Терминдер, таңбалар
- C) Химия кабинетінің жабдықтары
- D) Есеп-жаттығулар жинағы
- E) Анықтамалар
- F) Сөздіктер

14. Политехникалық білім:

- A) Өндірістің қарапайым құралдары мен пайдалану дағдыларын беретін оқу
- B) Оқушыларға химияның тілін меңгерту
- C) Кәсіптік бағдар беру
- D) Оқушыларға химияның негізіне кіретін заттар туралы білім беру
- E) Теориялық және әдістемелік білімдер
- F) Периодтық заң, периодтық жүйе туралы білім беру
- G) Өндірістің барлық негізгі үрдістерімен таныстыратын оқу

15. Аудио-визуалды оқыту құралы:

- A) Кестелер
- B) Оқу фильмдері
- C) Теледидар хабарламалары
- D) Диафильм, диапозитивтер
- E) Терминдер, таңбалар
- F) Қондырғылар
- G) Суреттер, кестелер

16. Органикалық синтез нәтижесінде алынатын жоғары молекулалық қосылыстар:

- A) Формальдегидтер
- B) Капрон қышқылы
- C) Толуол
- D) Пластмассалар
- E) Нитробензол
- F) Жасанды каучуктер
- G) Нафталин

17. Электролиттердің иондарға ыдырауын қарастырудағы оқушылар жасайтын қорытынды:

- A) Иондарға ыдырау гидраттанған молекулалар әсерінен болады
- B) Суда катион және анион түзіледі
- C) Ерігенде гидраттанатын иондар
- D) Ерігенде және балқыған күйде электролиттердің иондарға ыдырауы
- E) Иондарға ыдырауы су молекулаларының қатысумен жүзеге асады
- F) Иондар су молекулаларымен гидраттанады

18. Оқушыларды өздігінен істейтін жұмыстарды ұйымдастыру әдістері:

- A) Бағалау әдісі
- B) Салыстыру әдісі
- C) Саналық әдістер
- D) Сөз
- E) Қорытындылау
- F) Бақылау әдісі

19. Химиялық эксперимент мәнін арттырудағы оқыту құралдары:

- A) Эксперимент есептері
- B) Ережелерді сақтау
- C) Тақырып сұрақтары
- D) Көрнекілік құралдар
- E) Зерттелетін тәжірибелер

20. Оксидтер, негіздер, қышқылдар және тұздар туралы алғашқы ұғымдардың қалыптасуының кезеңі:

- A) Электрондық тұрғыдан қарастыру
- B) Атом-молекулалық ілім тұрғысынан түсіндіру
- C) Гидролиз процесін қолдану арқылы түсіндіру
- D) Тотығу-тотықсыздану реакциялары арқылы түсіндіру
- E) Пән аралық байланыспен жүзеге асыру

21. Химиялық білім мазмұнына байланысты оқушылардың дамуы жүзеге асатын жағдай:

- A) химиялық эксперимент жасау
- B) проблемалық оқытуды қолдану
- C) оқушылардың репродуктивті ойлауын жүзеге асыру
- D) білімді жүйеге келтіру
- E) мұғалімнің ғылыми жұмысын ұйымдастыру

22. Оқушыларды зерттеушілік әрекетке үйретудің дайындық кезеңіндегі негізгі мақсат:

- A) Үнемі қадағалап отыру
- B) Оқушыларды жылдамдығын арттыру
- C) Оқушылардың химияға қызығушылығын арттыру мүмкіндіктері
- D) Оқушыларды өз бетінше білім алуға машықтандыру
- E) Оқушылардың танымын дамытумен жылдам ойлауға үйрету

23. Сыни ойлау сабағы құрылымының кезеңі:

- A) Өзіндік ойлау
- B) Ой қозғау
- C) Мәселені ашу
- D) Мағынаны таныту
- E) Шешімді айқындау

24. Оқушылардың химиядан дүниетанымының қалыптасу кезеңі:

- A) жалпы химиядан алған білімдерін қорытындылауда
- B) жалпы химияны өткенде
- C) экология курсы өткенде
- D) биология курсы өткенде
- E) кәсіптік арнайы білім алуда
- F) бастауыш сыныпта дүниетану пәнін оқығанда

25. Мақсат:

- A) Коммунистикалық тәрбиелеудің маңызды аспектісі
- B) Оқытудың ұсынылған нәтижесі
- C) Оқу міндеттерін орындау
- D) Объективті заңдылықтары
- E) Оқытудың соңғы нәтижесі
- F) Диалектикалық-материалистік қалыптасуы

Химияны оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Мектептің тәрбие жүйесінің негізгі қызметі:
 - A) ақпараттық
 - B) технологиялық
 - C) тез талдамалық
 - D) біртұтастық
 - E) біріктірушілік
 - F) көбейтушілік

2. Мектептен тыс тәрбие жұмысын жүргізетін мекеме түрлері:
 - A) оқушылар сарайы
 - B) оқу
 - C) кітап оқушылар конференциясы
 - D) сабақ
 - E) сауықтыру, еңбек лагерьлері

3. Педагогикалық қолдау:
 - A) Қарым-қатынаста шынайы педагогикалық оптимизмнің болуы
 - B) Педагог пен тәрбиеленушінің арасында жақын қарым-қатынастың орнауы
 - C) Баланың ересектерден мінез-құлқындағы жалғандықты тез аңғарып, тануы
 - D) Балалардың дене және психикалық денсаулығына қолдау көрсету
 - E) Өмірлік және кәсіби болашағын таңдап ала білуге көмек көрсету

4. Баланың жағымды іс-әрекетін, мінез-құлқын бағалап, оны көпшілік, ұжым алдында жария ету әдісі:
 - A) Эксперимент
 - B) Жаттықтыру
 - C) Алғыс айту
 - D) Марапаттау
 - E) Мадақтау

5. Тәрбие жоспарының қызметтері:
 - A) Ағартушылық
 - B) Бағыттау, анықтау
 - C) Түзету, ұйымдастыру
 - D) Тәрбиелік
 - E) Ұйымдастырушылық
 - F) Дамытушылық
 - G) Білімділік

6. Белгілі бір қасиеттерді қалыптастыру мақсатымен тәрбиеленушінің сезіміне, санасына, мінез-құлқына ықпал етуді көрсететін категория:

- A) Қозғау мен түйсік
- B) Әлеуметтік тәрбиенің ықпалы
- C) Бақылау тәсілі
- D) Тәрбие құралы
- E) Әлеуметтендіру заңдылықтары
- F) Дамуға басшылық жасау

7. Латынның «коллективус» деген сөзінің мағынасы:

- A) Жекелік
- B) Ұйым
- C) Отбасы
- D) Көпшілік
- E) Қоғам
- F) Топ

8. Қиын тәрбиені жеңу әдістері:

- A) Педагогикалық ықпал ету әдісі
- B) Өмірлік тәжірибені құру әдісі
- C) Ынталандыру аймағын және сана-сезімін қайта құру әдісі
- D) Мінезінің теріс тұстарын бұзу әдісі
- E) Сабақтан тыс іс-әрекетті ендіретін тәрбиелік-түзету жұмысы

9. Тәрбиелеу және оқыту үдерістерінің ұқсастығы:

- A) Бақылау және түсіндіру әдісін қолданады
- B) Әрекет үдерісінде тұлға дамуына әдістеме ұсыну
- C) Өзін-өзі қайта тәрбиелейді
- D) Тәрбиелеу үдерісі өзіне оқыту элементтерін қосады
- E) Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әрекеті
- F) Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуі
- G) Оқыту үдерісінде оқытушы оқушыға тәрбиелеу әсерін жүргізеді

10. Тәрбие ісінің құрылымы:

- A) Мақсатты тікелей жүзеге асыру
- B) Қол жеткізген нәтижелерді талдау
- C) Алғашқы әңгіме, барлау, жоспарлау
- D) Тәрбие ісін өткізу, нәтижелерді бағдарлау
- E) Даярлау, істердің салдарын талдау
- F) Жекеленген жүйелік құрылымдар тәрізді
- G) Ұйымдастыру, құралдарды анықтау

11. Педагогикадағы тәрбие принциптері:

- A) Әрекетті жан-жақты ойластыру
- B) Тәрбиенің идеялылығы мен мақсаттылығы
- C) Тәрбие ережелерінің жиынтығы
- D) Тәрбие барысында шешілуге қажетті міндеттер
- E) Тәрбие процесін ұйымдастырудағы талаптар жүйесі
- F) Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу

12. Тәрбиенің қоғамдық мәні:

- A) Қоғамның пайда болуына тән қасиет
- B) Халықтар бойына білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту
- C) Біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал етеміз
- D) Кең мағынада алғанда қандай да болса, бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз
- E) Рухани жағынан үнемі жетілу және баюуда көпсалалы процесс
- F) Ережелер жүйесі

13. Авторитарлық тәрбие:

- A) Бала тұлғасын құрметтеу
- B) Тұлғаны басу
- C) Оқушылардың оқуға, үйдегі және қоғамдық орындардағы тәртіпке еркін қарауы
- D) Белсенділігін басып тастау
- E) Тұлғаның дамуын тежеу

14. Дәрігерлердің оқушылар денсаулығын сақтауда ескерер кеңесі:

- A) Демалысты дұрыс ұйымдастыру
- B) Дұрыс ұйықтауға мән бермеу
- C) Өмірге нем құрайлы қарау
- D) Өзіңе сен
- E) Тазалықты сақтау
- F) Өзіңді басқалардан жоғары санауға тырыс
- G) Жақсы мүсін сақтау

15. Адамгершілікке тәрбиелеудің формалары:

- A) Музыкалық кештерді ұйымдастыру
- B) Тұлғалармен кездесу ұйымдастыру
- C) Спорт секцияларын ұйымдастыру
- D) Қайырымдылық акциялары
- E) Мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру
- F) Кәсіптік бағдар беру жұмысы

16. Отбасымен жүргізілетін тәрбие жұмысының түрлері:

- A) Ата-аналар мен балаларының қарым-қатынасы туралы мәліметтер алу
- B) Ата-аналарды пән мұғалімдерімен таныстыру
- C) Отбасы мен мектептің балаға қойылатын талаптарының жоспарын құру
- D) Ата-аналар жиналысы
- E) Ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру
- F) Педагогикалық білімдер университеті
- G) Оқушылардың ата-аналарының материалдық жағдайын анықтау

17. «Атамекен» бағдарламасына енбейтін бағыттар:

- A) «Салт», «Домбыра»
- B) «Наурыз»
- C) «Кітап», «Көрме»
- D) «Зергер», «Төрт түлік»
- E) «Шаһар», «Жібек жолы»

18. Педагогикалық зерттеудің түрлері:

- A) Қалыпты
- B) Жауапкершілік, шығармашылық, белсенділік
- C) Шыншылдық, демократиялық, ізгілік
- D) Демократиялық, ашық қарым-қатынас, ынтымақтастық, дербестік, жауапкершілік
- E) Лабораториялық
- F) Қалыптастырушы
- G) Дербестік, айтқан сөзде тұру, сыпайлылық

19. Тәрбие үдерісінде қамтылған адам санына қарай тәрбие формалары:

- A) Ресми
- B) Жеке
- C) Ұйымдық
- D) Отбасылық
- E) Көпшілік
- F) Бұқаралық
- G) Шағын топтық

20. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) пікірталас
- B) өзін-өзі басқару
- C) тәрбиелік жағдаяттар
- D) әңгіме
- E) педагогикалық талап
- F) этикалық әңгіме

21. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) үйірмелер
- B) ұсынылған кітаптарды оқып талдау
- C) әңгімелер
- D) балалар лагері
- E) тәрбие тұжырымдамасын жасау
- F) сынып сағаты
- G) клубтар

22. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) қаржы көздеріне
- B) педагогтің шеберлігіне
- C) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- D) тұқымқуалаушылыққа
- E) мектеп Жарғысының мазмұнына
- F) оқушының еңбекқорлығына

23. Тәрбие, адамды сүюге бағыттау біртұтастығына байланысты ұстанымдар:

- A) жаңа қоғамдық рөлді меңгеруіне
- B) ғылымилық және жүйелі жұмыс жүргізілуіне
- C) баланы жеке тұлға ретінде сыйлауына
- D) үдерістің аса қарқындылығына
- E) балаға тұрақты дұрыс қатынасына
- F) баланың ортаға тез бейімделгіштігіне

24. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау
- B) мадақтау
- C) тәрбиелік жағдаяттарды өзгерту
- D) жарыстар өткізу
- E) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу

25. В.П. Тугаринов бойынша жеке адамның сапалық көрсеткіштері:

- A) Тәрбиелік ықпалдар бірлігі
- B) Даралық, қоғамдық белсенділік пен саяси-идеялық бағыт
- C) Тәрбиені ұйымдастырушылық қасиеті
- D) Еркіндік, жеке басының қадірі
- E) Биологиялық ерекшеліктері

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Химиялық экология

1. Атмосферада болатын ластағыш заттардың күйі:

- A) Газ тәрізді
- B) Полимерлер
- C) Ерітінділер
- D) Коллоидты ерітінділер
- E) Беттік белсенді заттар

2. Ластаушы заттарды табиғи сулы ортада өзгеріске ұшырайтын реакция түрлері:

- A) Ыдырау
- B) Ион алмасу
- C) Гидролиз
- D) Алмастыру
- E) Тотығу-тотықсыздану

3. Ластағыш заттардың биосферада таралуына байланысты жіктелуі:

- A) ғаламдық
- B) шаруашылық
- C) халықаралық
- D) мемлекеттік
- E) нүктелік

4. Гидросфераның табиғи радиация фонын анықтайтын химиялық элементтер:

- A) уран изотоптары
- B) күкірт және азот газдары
- C) калий иондары
- D) торий изотоптары
- E) калий изотоптары

5. Судың ең тұрақты химиялық ластағыштары:

- A) күрделі
- B) маусымдық
- C) уытты
- D) бейорганикалық
- E) органикалық

6. Табиғи сулардың органикалық ластағыштары:

- A) кадмий қосылыстары
- B) нафтен қышқылдары
- C) қышқылдар мен сілтілер
- D) сынап қосылыстары
- E) фенолдар
- F) мышьяк
- G) қорғасын қосылыстары

7. Жылу электр станцияларындағы экологиялық мәселелер:

- A) биологиялық түрлердің азаюы
- B) қатты қалдықтар
- C) жер асты сулар деңгейінің төмендеуі
- D) ландшафтардың өзгеруі
- E) жанған отыннан пайда болатын газ тәрізді өнімдер
- F) ландшафтардың шөлденуі
- G) техногенді геохимиялық ауытқулардың пайда болуы

8. Атмосфераны ластайтын қатты бөлшектердің табиғи көздері:

- A) орман өрттері, теңіз дауылдары, гүлдер тозаңы
- B) кен байыту және өңдеу кәсіпорындары
- C) жанартаулардың атқылауы
- D) жылу электр орталықтарда отынды жағу
- E) атмосфера қабатындағы метеориттердің жануы
- F) қоқыс пен қалдықтарды жағу
- G) цемент, асбест және кірпіш өндіру

9. Қатты отын жанғанда, ауаға шығарылатын негізгі ластағыштар:

- A) фреондар
- B) озон
- C) түтін бөлшектері
- D) су буы
- E) азот тотықтары

10. Дисперсиялық орта ретіндегі ауаның параметрлері:

- A) ауаның химиялық құрамы
- B) ауа мөлдірлігі
- C) күн белсенділігі
- D) ауа ылғалдылығы
- E) ауа ауысуының жылдамдығы
- F) ауа ағынының турбуленттілігі

11. Пестицидтердің түрлері:

- A) синтетикалық
- B) кешенді
- C) поликомпонентті
- D) инсектицидтер
- E) фунгицидтер
- F) монокомпонентті
- G) табиғи

12. Экологиялық жүйелерге түсетін ауыр металдардың табиғи көздері:

- A) жауын – шашындар
- B) ғарыш және метеорит тозаңы
- C) заттарды тасымалдау процесі
- D) топырақ эрозиясы
- E) өсімдіктердің қалдықтары
- F) балдырлардың тіршілік нәтижесінде

13. Топырақтың экожүйелік қызметі:

- A) тасымалдау
- B) аккумуляциялық
- C) метаморфтық
- D) ақпараттық
- E) биологиялық
- F) физикалық-химиялық

14. Е.Э. Боровский (2000 ж.) бойынша өмір сүру уақытына байланысты радиоактивті қалдықтардың жіктелуі:

- A) белсенділігі орташа радионуклидтер
- B) сұйық радиоактивті қалдықтар
- C) ұзақ мерзімді
- D) газ тәрізді қалдықтар
- E) жоғары белсенді
- F) қатты радиоактивті қалдықтар

15. Жасанды радионуклидтер түзілетін физикалық процестер:

- A) қызу процесі
- B) ядролық синтез
- C) спалляция
- D) циркуляция процесі
- E) көмірдің жану процесі
- F) нейтрондық толқын

16. Е.Э. Боровский (2000 ж.) бойынша белсендігіне қарай радиоактивті қалдықтардың жіктелуі:

- A) газ тәрізді
- B) белсенділігі орташа
- C) жоғары белсенді
- D) қысқа мерзімді
- E) сұйық
- F) орташа мерзімді
- G) төмен белсенді

17. Ағынды суларды мұнай өнімдерінен тазалаудың физика-химиялық әдістері:

- A) коагуляциялау
- B) бейтараптау
- C) араластыру
- D) флотация
- E) мұнай сүзгіштерді қолдану
- F) озонмен тотықтыру
- G) бактериялардың биохимиялық әсері

18. Е.Э. Боровский (2000 ж.) бойынша агрегаттық күйне қарай радиоактивті қалдықтардың жіктелуі:

- A) ұзақ мерзімді
- B) қысқа мерзімді
- C) қатты
- D) сұйық
- E) жоғары белсенді
- F) белсенділігі орташа

19. Тірі ағзаларға әсер ететін заттардың типтері (А.С. Бобков, 1997):

- A) өте қауіпті
- B) ынталандырушылар және терапевтік агенттер
- C) ағзаға қажетті
- D) инертті және уытты
- E) қауіпті
- F) қауіптілігі жоғары
- G) қауіпті емес қалдықтар

20. «Химиялық экологияның» зерттейтіні:

- A) Организмде биоорганикалық заттардың ыдырауы (катаболизм) және синтез (анаболизм) процестерінің жиынтығын
- B) Табиғи орталарда ластаушы заттардың өзгеру (трансформация) химизмін
- C) Тірі ағзалардағы өтетін зат алмасу (метаболизм) процестерін
- D) Қоршаған ортадағы ластанудың қалыптасу және таралу процестерін
- E) Химиялық элементтер мен ластаушы заттардың тіршілік процестерге әсерін

21. Атмосфераны, топырақ және су жүйелерін ластайтын сынаптың негізгі антропогендік көздері:

- A) минералды тынайтқыштар
- B) жер қыртысының жоғарғы мантиясы
- C) дүниежүзілік мұхит
- D) органикалық тынайтқыштар
- E) сынап өндірісі, қара және түсті металлургия
- F) алтын өндіру

22. Күкіртің биогеохимиялық айналымының негізгі сипаты:

- A) элементтің топырақтағы көлемді қоры
- B) антропогендік әсерлердің маңызы
- C) айналымдағы техногендік шығарындылардың маңызы
- D) климатқа әсер етуі
- E) қорда жылдам орнын алмастыратын арнайы микроағзалардың маңызды ролі
- F) минералды тынайтқыштардың әсерінен пайда болуы
- G) тау жыныстарының құрамында мөлшерінің жоғары болуы

23. Энергияның балама көздеріне негізделген энергетикалық жүйелер (Г.А. Богдановский, 1994 бойынша):

- A) фотосинтез және организмдер тіршілігі
- B) қуаттың биохимиялық өзгеруі
- C) ішкі ядролық процесс
- D) радиациялық отынды жағу
- E) гравитациялық және геотермальды күштер
- F) фотохимиялық, фотоэлектрлік және термофотоэлектрлік процестер

24. Табиғи экожүйелер мен адамға ерекше қауіпті және тұрақты бақылауда болатын, атмосфералық ауаның ластағыш заттары:

- A) азот және көміртек тотықтары, күкірттің қостотығы, озон, шаң және аэрозольдер
- B) көмірсутектер, ауыр металдар
- C) метан
- D) микроорганизмдер және саңырауқұлақтардың споралары
- E) органикалық компоненттер

25. Қоршаған орта мониторингінің негізгі практикалық бағыттары:

- A) қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару негіздері
- B) қоршаған ортаны қорғау жағдайларындағы экономикалық реттеу
- C) қоршаған ортаның мүмкін болатын ластануларға болжам жасап сол жағдайларға баға беру
- D) қоршаған ортаның ақиқат жағдайына және оның ластану деңгейіне баға беру
- E) қоршаған ортаны қорғау салаларында ғылыми зерттеулер жүргізу
- F) қоршаған орта жағдайлары мен оған әсер ететін факторларды бақылау

**Химиялық экология
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**